

## **2024 -2025 оқу жылында дефектолог тізімде тұрған оқушылармен жүргізілген жұмыс есебі**

Оқушылармен жұмыс жүргізу нәтижесінде биылғы оқу жылында мектепшілік ппқ шешімімен дефектолог маманына 12 оқушы төрт тоқсанға тіркеуге алынды. Оның ішінде 2 оқушы 1 сыныптан, 2 оқушы 2-сыныптан, 7 оқушы 3- ші сыныптан, 2 оқушы 4-сыныптан, 1 оқушы 7 – сыныптан. Әр балаға жеке жұмыс жоспары күрылып, тіл кемістігі бар балалар тіркеуге алынып, түзету сабактары жүргізді. Жалпы оқу бағдарламасын менгере алмаған оқушылармен жұмыс жасадық. Түзету сабагы аптасына 3 рет сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жекелей және топтық сабактар жүргізілді. Оқушылардың барлығына жеке даму картасы толтырылған. Әр оқушыға сабак жоспарлары күрылған.

Жүргізілген дефектолог маманың түзете – дамыту төмендегідей кезендермен өтті.

### **1. Диагностикалық кезең:**

1. баланың психо-физиологиялық қалпын үнемі және жан-жақты зерттеу.
2. сөйлеу тілі бұзылыстарының әр түрлі деңгей формаларын зерттеу.
3. таным әрекеттерінің бұзылу белгілерін, деңгейін анықтау.

### **2. Коррекциялық дамыту кезеңі:**

1. баланың даму қалыпты ескере отырып қадамдылық бағытта оқыту процесін жүргізу.
2. түзете – дамыту жұмыстарына ата – аналарды енгізу, тығыз байланыста болу.
3. әр жас кезеңіне сәйкес танымдық әрекеттерін дамыту.
4. баланың сакталған компенсаторлық мүмкіншіліктерін зерттеп, анықтап, ескере отырып «Жеке Дамыту Бағдарламасын» құру.

### **3. Тәрбиелеу кезеңі:**

Баланың отбасындағы, қоғамдық орындардағы мінезд-құлқын, жеке тұлғаның қоршаған ортада өзін-өзі ұстауға, жаңа ортаға үйренуіне қажетті жағымды қасиеттерін тәрбиелеу.

Баланың сөйлеу тілінің бұзылуын әртүрлі жаттығулар арқылы түзету жұмыстары, логопедиялық сабактар жүргізді. Логопедиялық, дефектологиялық түзету сабактарының мақсаты: сөйлеу тілі бұзылған бастауыш оқушыларын анықтап, диагностикалық бақылау жүргізу арқылы білім беру және түзету жұмыстарын жүргізу.

Сөйлеу тілі бұзылған балаларға, атап айтқанда дефектолог балаларға жекелей және топтық сабак кестелері, сабак жоспарлары күрылды. Сөйлеу тілі бұзылған оқушыларға сабак жоспарлары баланың даму қабілетіне қарай бағытталып күрылды.

Жалпы тілінің дамымауының әртүрлі деңгейіне байланысты құрылған жеке дамыту бағдарламасы бойынша қойылған төмендегідей

Мақсат міндеттері:

- сөйлеу тілінің түсінің қалыптастыру;
- енжар және белсенді сөздік қорларын дамыту;
- әріп тану, буында, сөзде қосып оку
- байланыстырып сөйлеу тілдерін дамыту, заттық және сюжеттік суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер құрауга ынталандыру;
- артикуляциялық аппараттың икемдігін арттыру, қалыптаспаған дыбыстарды қоюға арнайы жаттығулар қатарын үйрету;
- сөйлеу тіліндегі қалыптасқан дыбыстарды толық анықтап, дыбыстарды қою және бекіту жұмыстарын жүргізу;
- сөйлеу тілінің лексикалық–грамматикалық құрылымын дұрыс қалыптастыру;
- фонематикалық қабылдау, есте сактау, саралтау және талдау анализ синтез жүргізу;

Түзету сабактарының нәтижесінде, балалар алғашқыға қарағанда берілген тапсырмаларды түсініп орындау, өз бетімен орындау, артикуляциялық жаттығуларды игеріп, сөздік қорларын жаңа сөздерімен толықтыру, кеңейту сияқты жетістіктерге қол жеткізуде.

I жарты жылдықта дефектолог сабак тізіміне тіркелген оқушылар сары 14

I жарты жылдықта

Л- дыбысы

С- дыбысы

Р- дыбысы

Ш- дыбысы

З- дыбысы

Н- дыбысы

Ң- дыбысы

I жарты жылдықта осы оқушылармен осындағы жұмыстар жүргізілді көрсеткіш деңгейлері жаман емес балалар едәуір жақсарып қалды